
Түйін сөздер: түркі тілдері, ландшафттық лексика, топонимдер, оронимдер, семантика, лексикографиялық талдау, салыстырмалы-тарихи талдау, лексико-семантикалық ерекшеліктері.

Кіріспе

Географиялық атаулар – бұл адамдардың дүниетанымының, мәдениетінің, өмірінің, әдет-ғұрпының, психологиялық жағдайының көрінісі. Жер атауларының әлемі өте алуан түрлі және қызықты құбылыс. Адам аяғының жерге түскен күнінен бастап біз осы күрделі және шексіз әлемде өмір сүріп келе жатырмыз.

Топонимика географиялық атаулар туралы ілім ретінде олардың шығу тегін ғана емес, олардың қалыптасуын, өзгеру себептерін, пайда болу жағдайларын да зерттейді. Географиялық атаулар белгілі бір тарихи кезеңдерде пайда болды. Олар тарихи оқиғалардың хронологиялық дәлелі. Жерді мекендеушілердің ішінен атау берудің ұшы Адам атаға барып тіреледі. Адам ата жұмақтан жерге түскен уақыттан бастап қоршаған ортаға атау бере бастаған. Жер бетінде Адам атаның ұрпақтары көбейіп әртүрлі географиялық атауларды тудырған. Топонимдер уақыт өте келе формасы, мазмұны жағынан өзгерді, тарихтың нақты оқиғаларына байланысты жасалды және дамыды. Соғыстар, халықтың көші-қоны, этникалық байланыстар топонимияға өз іздерін қалдырды. Әрбір тарихи дәуір өзінің жер атауларының жиынтығымен сипатталады. Олар әртүрлі топонимикалық қабаттарды құрайды.

Топонимика белгілі бір аймақтың табиғатының ерекшеліктерін көрсетеді. Жер атаулары өткен дәуірлердің ландшафттарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Топонимияны зерттеу табиғи ландшафттарды, халықтың экономикалық қызметінің сипатын, этникалық ерекшеліктерін білуге баға жетпес құнды материал ретінде саналады. Әрбір халық шежірелерінде аңыздар деңгейінде географиялық атауларды қойылу себептерін түсіндірулер бар.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Маңызды міндеттердің бірі – қазіргі түркі халықтарының тіліндегі топонимикалық процесті зерттеу. Түркі халықтары мекендеген аймақтың қазіргі топонимикасы алуан түрлі себептерден өзгерістерге ұшыраған, өйткені әр халық, әр ұлт жалпы топонимикалық жүйеге номинацияның өзіндік формалары мен нормаларын құрайды. Түркі топонимикасында түркі тілдерінің көне және қазіргі жаңа сөздер қолданысын байқауға болады.

Осы мақаланың мақсаты – қазіргі түркі тілдерінің ландшафттық лексикасын «тау, қыр, шың, қырат, жота, төбе, қия, дала» негізгі мағынасы бар орографиялық лексиканы анықтау және сипаттау болып табылады. Ландшафттық лексиканы бейнелейтін сөздер тобының шығу мәселесін талқылау және салыстыру.

Кез келген тілдің лексикасы – бұл әр түрлі әсерлерге, басқа тілдерден сөздердің енуіне, ішкі семантикалық ауысуларға ұшырайтын ашық жүйе. Тілдің лексикасының ең көне және тұрақты қабаттарының бірі ретінде ландшафттық лексика қызығушылық тудырады. Оны түркі тілдерінің материалында зерттеу, біз ойлағандай, түркі халықтарының тілдерінде географиялық терминологияның пайда болуының табиғи тарихи жағдайларын анықтау үшін қажет.

Зерттеу түркі тілдеріндегі лексикографиялық дереккөздер негізінде үздіксіз іріктеу әдісін, лексикографиялық, синхронды-сипаттамалық және салыстырмалы-тарихи, сандық әдістер мен зерттеу әдістерін қолдана отырып жүргізілді.

Қоғам дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап адам өзінің тіршілік ету орындарына, қоршаған табиғи объектілерге ат қоюға тырысты. Әрбір тарихи дәуір номинация белгілерінің жиынтығымен ерекшеленді. Кейбір дәуірлерде атаулар негізінен табиғи негізде берілді, ал басқаларында олар көбінесе объектінің иесіне тиесілі деп атады, ал кейбіреулерінде идеологиялық атаулар болды.

Топонимикалық деректерге ғылыми көзқарас ортағасырлық шығыс ғалымдарының еңбектерінде байқалады. Оған дәлел ретінде түркі географы және лингвист Махмұд Қашқаридың (XI ғ.) еңбегін айта

аламыз. Махмуд Қашғари топонимдердің этимологиясын ғылыми түсіндірумен арнайы айналысып, бірқатар гидронимдерге түсініктемелер берген.

Түркі топонимдерінің ежелгі қабаттарына келетін болсақ, бұл жерде біздің заманымызға дейін сақталған кейбір географиялық атаулар жазылған тарихи дереккөздер басшылыққа алынады. Түркі ғұламаларының жазған еңбектеріндегі топонимика деректері бойынша ежелгі, ортағасырлық және қазіргі түркі халықтары қоныстануының нақты бейнесін жасауға және түркі тарихының негізгі кезеңдерін ғылыми проблема ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Ландшафттық лексика түркі тілдері бойынша әртүрлі типологиялар мен салыстырмалы тарихи зерттеулердің сөздіктерінде кеңінен көрініс тапқан. Түркология тарихындағы барлық қазіргі түркі тілдерінің олардың диалектілерінің, сондай-ақ жазба ескерткіштердің материалында жалпы түркі лексиканың шығу тегін қарастырған алғашқы іргелі еңбек – Э.В.Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» (ЭСТЯ, 1974).

Түркия, Қазақстан, Башқұртстанның топонимикалық жүйесінде негізгі қабат түркі атауларынан тұрады. Олар қазіргі түрік, қазақ, башқұрт тілдерінің негізінде түсіндіріледі және оларды аталмыш елдердің топонимистері, лингвисттері жақсы зерттеген. Түркі елді-мекендерінің географиялық атаулары өлкенің табиғи жағдайларын, халықтың материалдық және рухани мәдениетін көрсетеді. Түркі топонимиясы – халық тарихы мен тіл тарихын зерттеудің ең құнды көзі. Әрбір географиялық атау мыңдаған жылдар бойы тарихтың, тілдің және мәдениеттің ең көне жадына сақталған.

Түркі ландшафты лексикасы Э.Мурзаев (Мурзаев, 1996) және басқалардың еңбектерінде түркі ономастикасы зерттелген. Топонимистердің зерттеу жұмыстарында топонимдердің шығу тегі табиғи объектілердің ерекшеліктері мен сипаттамаларын көрсететін арнайы лексиканың кең жүйесі қарастырылған.

Башқұрт топонимикасы бойынша заманауи зерттеулер аймақтың топонимиясын зерттеушілер бұрын анықтаған хронологиялық қабатты растайды, оған сәйкес Башқұртстанның аумағындағы ең көне, «төменгі» қабат үнді-иран тектес географиялық атауларды құрайды. Ландшафтты сипаттайтын үнді-иран атауларының ішінде тау рельефінің элементтерімен байланысты географиялық атаулар жиі кездеседі. Башқұрт топонимикасы бойынша «Башкирская топонимия» (Камалов, 1994), «Башкорт ономастикаһы» (Қарабаев, 2015), екі тілді сөздік «Башкирско-русский словарь» (1958) кітаптар мен сөздіктер жарық көрген.

Якутия топонимиясы бойынша ең танымал жұмыстар якут топонимиясының негізін қалаушы М. С. Иванов – Бағдарыын Сюлбэге тиесілі. Бағдарыын Сюлбэ өз зерттеулерінде Оңтүстік Якутияның географиялық атауларының көп бөлігі тунгусо маньчжур тілінің бар екенін растады. Н.М. Ивановтың «Якутия топонимиясындағы моңғолизмдер» атты диссертациясы моңғол тектес Якутия топонимдерін тарихи-лингвистикалық талдауға арналған (Иванов, 2001). Зерттеуші үш мыңға жуық топоним-моңғолизмдердің лексикалық-семантикалық классификациясын жасады, олардың фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерін қарастырды. Бағдарыын Сюлбэ «Топонимика Якутии» (2004) еңбекті шығарған. Авторлық ұжымда «Якутско-русский словарь» (1972) жарық көрген.

Ұлан-ғайыр қазақ даласының топонимикасын зерттеген, жинаған, тізімін жасаған отандық топонимистер көп. Қазақстан топонимикасы ««Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия» (1998), «Топонимика Қазақстана. Энциклопедический справочник» (2010), «Қазақстан табиғаты: Энциклопедия» (2011), «Атамекен: Географиялық энциклопедия» (2011) еңбектерінде тіркелген.

Түркі тілдерінде белгілі бір дәрежеде жалпы шығу тегі анықталған ландшафттық лексика салыстырмалы түрде тарихи, диалектологиялық, лексикографиялық, топонимикалық, этнологиялық, мәдени зерттеу жұмыстарында кездеседі. Түркі тілді лингвистерінің еңбектері тұтастай алғанда аймақтық түркіаралық және жалпытүркілік тілдік байланыстарды анықтау мақсатында одан әрі зерттеу үшін әдіснамалық негіз болып табылады.

Ландшафттық лексика деп жер бедерінің ерекшеліктерін білдіретін лексика немесе географиялық терминология, географиялық апеллятивтік лексика түсініледі. Ландшафтты сипаттайтын географиялық терминологияға жер бедерінің, су торының, топырақтың, өсімдік жамылғысының элементтерін, сондай-ақ

ландшафттың антропогендік элементтерін білдіретін сөздер, яғни адамның мақсатты әрекетінен пайда болған немесе табиғи ландшафттың байқаусызда өзгеруінен туындаған географиялық ландшафт жатады.

Бұл зерттеудің мақсаты – Якутия, Түркия, Қазақстан және Башқұртстанның ортақ географиялық атауларын салыстыра отырып зерттеу. Зерттеу материалы – саха, түрік, қазақ және башқұрт географтарының, этнографтарының, топонимистерінің, лингвистерінің жинаған, зерттеген еңбектері мен сөздіктері. Осы мақалада топонимдер, оның ішінде оронимдерге – жер бедері формаларының атаулары (таулар, жоталар, төбелер, шыңдар) баса көңіл аударылды.

Түркі топонимиясы халықтың рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде ерекше бай және бірегей. Ол мыңдаған жылдар бойы дамыды, оның қалыптасуына этногенез мен этникалық тарихтың ерекшеліктері, халықтың әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани өміріндегі маңызды оқиғалар әсер етті.

Жер планетасындағы географиялық ерекшеліктер алуан түрлі. Жер жүзіндегі табиғи және адамдардың іс-әрекетінің нәтижесінде пайда болған объектілер қандай да бір түрде аталымға ие. Адамзат жер бетін мекендеген күннен бастап табиғи ландшафтқа атаулар бере бастаған. Кейіннен жер бедерін зерттей бастағаннан соң кейбір нысандар адамзаттың іс-әрекетінен пайда болған. Топонимикада олар номинация объектілері ретінде анықталады.

Дүние жүзіндегі адамзат тауларды тек географиялық құбылыс деп қараған жоқ. Адамдар тауларды қасиет тұтты, паналады, одан қорықты. Әр түрлі халық мәдениетінде ертегілердегі Қап тауы, грек мифологиясындағы Олимп тауы, қасиетті, киелі деп саналатын Сина тауы мен Хира тауы маңызды орын алады.

Палеоген кезеңінен бастап пайда болған тау жыныстарын осы күнге дейін қаншама атаулық өзгерістерге ұшырағанын ешкім дәл айта алмаса керек. Атаулар тарихының негіздемесін алдымен XI ғасырдың дерегі негізінде жасалған «Дивани луғат ат-түрк» кітабынан кездестіреміз. Бірнеше ғасыр бұрын хатқа түскен мыңдаған атаулардың қазіргі кезде қаншасы сол қалпында сақталды, қаншасы қандай жаңа атаулармен алмастырылды, қаншасының табиғи белгілері сақталып, қаншасы жойылды – осының барлығы кешенді түрде зерттелуі тиіс.

«Тау, жота, төбе, тізбек, сілем» географиялық терминдері. Орографияның кеңістіктік созылған тау элементтері туралы тау жотасы, тау тізбегі, тау сілемі сияқты сөздері ғылыми географиялық лексиканың құрамына енген. Қазіргі қолданыстағы түркі тілдеріндегі сипаты мынадай: қазақ тіл. tav: башқұрт тіл. tav: түрік тіл.: dag: (Sözlüg, 1991:143) якут тіл. хайа: қазақ тіл. tav tizbegi: башқұрт тіл. tavzar tizmähi (silbin): түрік тіл.: sıra dağ: якут тіл. сис хайа: қазақ тіл. kuz: башқұрт тіл. қауа: түрік тіл.: қауа: қазақ тіл. жота: башқұрт тіл. һырт: түрік тіл.: sıradağ: якут тіл. хайа арҕаһа: қазақ тіл. jartas: башқұрт тіл. қауа: якут тіл. таас хайа.

Түрік ғалымы Түнжер Гүленсойдың сөздігінде «тере» – бір заттың ең үстіңгі бөлігі. Ең көне түркі тілінде töbü – törü – törö нұсқалары; Көне ұйғырда törü – törі нұсқасы; Орта Түркі тілінде тере – адам басының үстіңгі бөлігі; Көне Қыпшақ тілінде тере – төре; Шағатайда «tebe» нұсқасы беріледі. Мағыналық жағынан алғанда «төбе» сөзі барлық түркі тілдерінде бір заттың үстіңгі бөлігі деген мағына береді (Гүленсой, 2011: 880).

Таулар, төбелер, жоталар, қия, жартастар жер шарының барлық құрлықтарында бар. Географиялық орны, жер бедері, геологиялық құрылымы, биіктігі, көлемі жағынан әр алуан тау, жота, төбе, қырат, қия, құз, жартас т.б атауларын салыстырып қарастырамыз. Төмендегі деректердің барлығы мына дереккөздерден алынды.

Осы мақалада түркі тілдерінде аталған лексикографиялық дерек көздерден табиғи ландшафтты сипаттайтын ортақ атауларды іріктеу әдісімен, соның ішінде оронимдерді құрайтын отыздан астам лексикалық бірліктерге талдау жасалынады.

Жер байлықтарына қатысты атаулар. Дүние жүзіндегі таулар – табиғаттың бірегей туындысы және олар елдің ландшафтын әртүрлі етеді. Климаттың, жер бедерінің, маусымның ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан табиғи түрде түзілген жердің ең биік нүктелері атаулары да алуан түрлі.

Жер үсті мен жер асты қазба байлықтарға мол. Башқұрт топонимистері Бурлытау «бор» және «тау» деген түсініктеме береді (Камалов, 1994: 40). Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы жерінде Шыңғырлау және Елек өзендері аралығында Бортау (Ақтау) орналасқан таулы қырат. Екі республикада кездесетін бұл тау атауы тау жынысының әктас, кварцит, құмтасты шөгінділерінен түзілуінен, яғни геологиялық құрылымна байланысты қойылған деп тұжырымдаймыз.

Башқұртстанда Бакыртау, Бакырсағыл таулары (Камалов, 1994: 31) кездессе, Қазақстанның Ақтөбе облысы Байғанин ауданы жерінде Бақыртау – Мұғалжар тауындағы Шошқакөл бұйратының батысындағы тау. Кен орнына байланысты қойылған.

Тимертау – тимер «железо» тау «гора» (Башқұртстан). Якутияның Халарчин тундрасында Чуоннэ-мъыскын төбесі бар. Мұнда чуо – «темір», -нэ иелік етудің мағынасын білдіретін аффикс, амъыскыи – «төбе» деген мағына береді. Демек, Чуоннэ-мъыскын – «темірі бар төбе». Сол тундрада Чуонэл Ибал шоқысы – «Темір шоқысы» бар (Сюлбэ, 2004: 62). Ал Қазақстанда Қаратемір – Сарыарқаның орта бөлігіндегі тау. Болаттау – Сарыарқаның оңтүстігіндегі тау. Түркі тілдеріндегі оронимдерде геологиялық жыныстар құрамы туралы ақпарат тура мағынасында қолданылған. Қазақ тіл.: темір түрік тіл.: demir башқұрт тіл.: timir (Sözlüg, 1991:160).

Түр-түске байланысты атаулар. Қазақ және башқұрт, түрік тілдеріндегі сын есім мен зат есімдердің бірігуі арқылы жасалған топонимикалық атаулар құрамында түсті білдіретін ақ, қара, көк сын есімдер мен зат есімдердің бірігуі арқылы жасалған топонимдердің құрамындағы зат есімдер, негізінен жер бедеріне байланысты немесе сол жердің өзіндік ерекшелігіне қатысты болып келеді.

Ақтау – ақ «белая», тау «гора», Күгелтау – күгел «синяя» тау «гора», Күктау – күк «синяя» тау «гора», Каратау – кара «черная», тау «гора» (Камалов, 1994: 80). Қазақстанда Каратау – Ерейментау тауларының шығысындағы тау. Бұл атаудағы қара сөзі түспен байланысты қойылған. Саха тіліндегі деректерді келтірсек: Хара – «черный», сыыр – «гора, горка, холм, бугор, яр». Так что Хара Сыр можно перевести как «Черный яр». Село Юрюнг-Хая. Оба слова якутские: юрюнг – «белый», хая – «гора» (Сюлбэ, 2004: 54-74).

Сын есімдердің ішінен топонимияда ең көп таралған түстер ақ, қара, қызыл. Көптеген жағдайларда түс атаулары табиғи нысандардың әртүрлі түстерін анықтайды. Түркі тілдеріндегі түс семантикасынан басқа, лексиканың ең көне қабатының бөлігі болып табылатын барлық түс белгілері символдық семантикаға ие. Олар топонимдерде ерекше мәнге ие болады. Түс номинацияның мотивтерінің бірі ретінде түркі топонимикасында жиі қолданылады.

Түркияда сын есімдердің қатысуымен жасалған мынадай тау, төбелер бар: Karadağ – (dağ-тау), Boztepe, Aktere, Karatere (тере-төбе), Sarıkaşa (каша-жаргас). Ал түрік тіліндегі топонимдердің жасалуында ak (ақ), al (ал қызыл), ala (ала), beyaz (ақ), boz (боз), çakır (сұр көк), gök (көк), kara (қара), kırmızı (қызыл), kırmızı (қызыл), mavı (көк), mor (күлгін), pembe (қызыл), sarı (сары), siyah (қара), yeşil (жасыл) сияқты 17 жуық түстер қолданылады. Олардың арасында ak (ақ), gök (көк), kara (қара), sarı (сары) сөздері жиі қолданылады. Түрік тілінде 436-ға жуық kara (қара), сөзімен, 300-ге жақын ak (ақ), сөзімен, 137 gök (көк) сөзімен, 191 sarı (сары) сөзімен жасалған топонимдерді кездестіруге болады (Bayraktar, 2013: 97-98).

Қазақ даласындағы тау, төбе, жота, қырат, қия, құздарға негізінен түр-түсті білдіретін ақ сөзімен 484, қара сөзімен 598, қызыл сөзімен 357, сары сөзімен 281, көк сөзімен 97, қоңыр сөзімен 46 атау берілген. Бұл статистикалық көрсеткіш Қазақстанның 14 облысы бойынша есептелді. Әр облыста түр-түске байланысты қойылған атаулардың сандық көрсеткіші біркелкі емес. Бұл республикамыздың жер бедерінің таулы, жазық, дала, ойпат болып бөлуінде. Қазақстанның ең таулы аймақтарына Алматы, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары жатады. Сол себепті бұл елді-мекендерде тау, қырат, қия, төбе атаулары жиі кездеседі. Қарағанды облысында ақ сөзімен 188, қара сөзімен 249 тау атауы жасалған болса, Солтүстік Қазақстан облысында ақ сөзімен 2, қара сөзімен 1 оронимдік атау кездесті. Себебі, Солтүстік Қазақстан облысында небәрі 35 тау атауы тіркелген. Түр-түсті білдіретін сөздер Атырау облысында 6 оронимдік атау, Батыс Қазақстан облысында 8 (оның ішінде ақ сөзімен 6, қара сөзімен 2) өте аз қолданылған. Бұл сандық көрсеткіштің барлығы «Жеріңнің аты – Еліңнің хаты» энциклопедиялық анықтамалық (2006) кітабындағы деректерге сүйеніп жүргізілді.

Башқұртстан топонимистері Күкнеңер – күк «синий», ескі башқұрт тілінде һеңер «хребет» деп көрсетеді. Ал Қазақстанда Ұлытау облысында Көксеңгір, Шығыс Қазақстанда Қарасеңгір – шоқылы таулар, Ақтөбе облысында Көксеңгір – төбе бар. Қызылсеңгір – Теңіз көлінің оңтүстік-шығысындағы аласа тау. Ақсеңгір – Ақмола облысы Нұра өзенінің оң жағалауындағы биік төбе. Атаудың бірінші құрамындағы «ақ» сөзі тау, төбе, жота басындағы бор, кварц, мәрмәр сияқты ұсақ тас жыныстарының алыстан жылтылдап, жарқ-жұрқ етіп жатқан түсін білдірсе, екінші құрамдағы «сеңгір» сөзі иран, түркі тілдерінде зеңгір//заңғар тұлғаларының варианты ретінде қолданылады да «биік, қыр, жота» мәнін білдіреді деген зерттеушілердің пікірлеріне қосыламыз.

Ұзындық, көлеміне байланысты атаулар. Жер бетіндегі таулар көлемі мен биіктігі жағынан әр түрлі. Дүние жүзіндегі ең биік тау Джомолунгма, оның биіктігі 8848 метр болса, ал аласа таулардың абсолюттік орташа биіктігі 500-600 метрді құрайды екен. Әлемдегі ең ұзын тау – Анд 9000 км созылып жатыр. Таулар форма жағынан да ерекшеленеді. Негізінен таулардың басы сүйір немесе үшкір болып келеді, арасында төбесі жалпақ таулар да кездеседі.

Өлкөнтау – өлкән «большая» тау «гора», Тайпактау – тайпак «плато» тау «гора», Бейектау – бейек «высокая», тау «гора» (Камалов, 1994: 33). Башқұртстандағы бұл тау атаулары тауларды өзара бір-бірімен салыстыру үшін биік, үлкен және форма жағынан жалпақ болып келуі себебінен туындаған. Қазақстанда Жалпақ – Ақтөбе Күшікбай тауының батысындағы тау. Үлкен Ақтау, Үлкен Борлытау – Жамбыл обл Қаратаудың шығыс сілеміндегі тау. Бұл тау атаулары кен орындарының үлкенді-кішілі болуына қатысты аталған.

Адамның анатомиялық дене мүшелеріне қатысты қойылған атаулар. Башкирияда Йөрәктау йөрәк «сердце», тау «гора», Кабырғайтау – кабырға «ребро, ребристая, боковая» тау «гора» деп аталатын таулар бар. Қазақстанда Жүрек – Тарбағатай жотасының шығысындағы тау. Бұл тау атаулары объектіні формасы жағынан бір затқа ұқсату арқылы қойылған.

Зоотопонимдер. Топонимикалық ақпарат жер бетінде жануарлардың әртүрлі түрлерінің таралуын көрсетеді. Адамдар сияқты жануарлар да жерді, тауды мекендейді. Мұндай атаулар түркі халықтарының аң шаруашылығымен айналысқанын байқатады. Топонимдер жердің әртүрлі аймақтарының заманауи зоогеографиясын зерттеуге мүмкіндік береді.

Башқұрт территориясында Бүрекарауыл тауы бар. Ол бүре «волчья», карауыл «засада, караул» деген мағынаны білдіреді. Қазақстанның Маңғыстау облысында Қасқыржол жотасы, ал Түркияда Kurttere (Қасқыртөбе) оронимдері кездеседі. Түз тағысы түркі тілдерінде мынадай формаларда қолданылады: қазақ тіл.: böri, kaskir, түрік тіл.: kurt, башқұрт тіл.: büri (Sözlüg, 1991: 518). Оғыз тобына жататын түркі тілдеріне kurt формасы тән болса, ал қыпшақ тілдер тобына жататын түркі тілдерінде böri, kaskir лексемалары қолданылады. Семантикалық жағынан ешқандай айырмашылық жоқ.

Үй жануарлары оронимияда көрініс тапқан. Дөйәмұйын тау – дөйә «верблюд», мұйын «шея» (Камалов, 1994: 48). Ботамойнақ тау – (Қазақстан, Жамбыл обл). Түйетөбе шоқы – (Қазақстан, Ақмола обл). Қазіргі түркі тілдерінде бұл сөз мынадай фонетикалық ерекшеліктерімен қолданылады: қазақ тіл.: түйе, түрік тіл.: deve, башқұрт тіл.: döyә (Sözlüg, 1991: 168).

Илектәу – тау диал. илек «дикая коза, косуля». Илтеғыр диал. Илте (илек) «косуля» кыр «гребень горы, хребет» (Камалов, 1994: 57). Қазақстанның Ақмола облысында Елікті, ал Маңғыстау облсында Еліктау деп аталатын таулар бар. Елик/Elik жалпытүркілік сөзінің мағыналары: 1. «горная коза», «косуля», «дикая коза», 2. Якут тілінде «чубарый олень» дегенді білдіреді (ЭСТЯ, 1974: 265).

Түркияда Geyklі (Киікті), ал Қазақстанның Ұлытау облысында Киіктау тауы осы жануардың сол тауларды мекендеуіне қатысты қойылған. Башқұртстанда Болантором болан «оленья», тором «стоянка» оронимиялық атау бар. Бұл лексеманың қазіргі түркі тілдерінде формасы жағынан айырмашылық болғанымен семантикасы жағынан ешқандай өзгешелік жоқ: қазақ тіл.: bugi, bulan түрік тіл.: geyklі башқұрт тіл.: bolan (Sözlüg, 1991: 270), әзірбайжан тіл keyik, қырғыз тілінде maral.

Башқұртстанда Төлкөтау – тауы, Қазақ жерінде Зортүлкі жота, Қызылтүлкілі – Түлкілі тауларының солтүстік-шығысындағы аласа тау. Тау тек адамның ғана емес, жан-жануарлардың да тіршілік мекеніне айналған. Қазіргі түркі тілдерінде қазақ тіл.: tülki, түрік тіл.: tilki, башқұрт тіл.: tölkö (Sözlüg, 1991: 892). Сын есімдік -лы, -лі, -ты, -ті жұрнақтарын жалғау арқылы жасалған атау, яғни елік, түлкі, киік көп мекендейтін жер деген ұғымды білдіреді.

Сонымен қатар, Башқұртстанда Кәбөнтау тау, Сускатау, Мышатқан таулары, Қазақстанда Доңызтау, Қабантау, Қабанқұлақ тау мен төбе және Шошқакөл бұйраты, Тайатқан атаулары кездеседі.

Фитооронимдер. Топонимикалық деректер көптеген жағдайларда әртүрлі өсімдік түзілімдері мен флора түрлерінің таралуы туралы түсінік береді. Маңызды табиғи бағдар ретінде әрекет ете отырып, сонымен қатар халықтың өмір сүруінің негізгі көздерінің бірі ретінде өсімдік жамылғысы жердің көптеген аймақтарының топонимикасында көрініс тапқан.

Имәнтау тау – имән «дуб; дубовая», тау гора». Имән Карауылы тау – имән «дуб; дубовая» карауыл «караульная гора», Карағайтау тау – карағай «сосна; сосновая», тау «гора», Теркелетау – диал. теркеле

«сосновая» тау «гора» (Камалов, 1994: 60-88). Қарағайлы – Қарағанды обл Қарқаралы орманды-таулы массивіндегі тау. Жантөректау – Атырау облысы Жылыой ауданы, Тасқұдық ауылының оңтүстігінде 17 км жерде орналасқан тау. Ақтерек – Қарқаралы тауының оңтүстік-шығыс сілемі. Бұл өсімдіктердің барлығы тау етегі мен бөктерінде өсетіндіктен халық тауларды да солай атап кеткен.

Этноним атаулар. Нуғай тауы – от этнонима нуғай и тау «гора» с афф. -ы Бачкыйтау – от антропонима Бачкый и тау «гора», другое назв. Иске Нуғай. Калмак карауылы тау от этнонима калмак и карауыл «караульная» (Камалов, 1994: 55-114). Тарихи оқиғаларға байланысты туындаған атаулар болуы мүмкін. Қазақстанда Найманжал – Едірей тауларының солтүстігіндегі тау тізбегі. Адай үстірті – Қостанай облысының Торғай төрткілді өлкесінің батыс бөлігіндегі үстірт. Этноороним қазақ халқының ру аттарына қатысты қойылған.

Ауа-райы-климаттық оронимдер. Белгілі бір аумақтың метеорологиялық және климаттық жағдайларын көрсететін топонимдерде кездеседі. Дегенмен жалпы топонимикада атаулардың бұл тобы ең аз таралғандардың бірі болып табылады. Метеорологиялық терминологияның айтарлықтай топонимикалық белсенділігі жоқ. Бұл осы лексикамен көрсетілген және анықталған табиғи процестердің динамикасына байланысты.

Башқұрт территориясында Бослобаш – босло «туманная», баш «вершина» және Елмәрзәк – ел «ветер», бар «есть» афф. -зәк «гора» (Камалов, 1994: 38-51) тау атаулары бар. Қазақстанда Желтау – Мұғалжар тауының қиыр оңтүстік-батысындағы оқшау тау сілемі. Өзінің тура мағынасында жел + тау компоненттерінен құралған атау. Климаттық жағдайды сипаттайтын атаулар көбінесе оның басты белгілерін бейнелейтін жел лексемасының қатысуымен жасалған. Қазіргі түркі тілдерінде қазақ тіл.: жел түрік тіл.: uel башқұрт тіл.:yil (Sözlüg, 1991: 982).

Діни және культтік оронимдер. Жер топонимикасында адамдардың діни түсініктеріне байланысты атаулар кеңінен таралған. Бұл дәстүр ежелгі дәуірден бастау алады. Діни және культтік атаулар адамдардың рухани өмірін бейнелейді. Сондықтан топонимияның бұл қабаты ұлт мәдениеті үшін үлкен маңызға ие. Мифологиялық-сакральды мазмұны бар бейнелі атаулар халықтың наным-сенімдерінен де мол хабар береді.

Башқұрт Республикасының аумағында Шайтансары башқұрт тілінде шайтан «черт; чертовая» және монғол тілінде сар «лысына», сарьдач «гора, покрытая вечным снегом» Қанайсары тау атаулары кездеседі. Қазақстанда Шайтантөбе – Ақмола облысы Ақкөл ауданындағы тау.

Түркі тілдеріндегі оронимдерді қалыптастыруға географиялық терминдер, күнделікті қолданыстағы сөздер, сан есімдер, түр-түсті білдіретін анықтауыштар қатысқан, сонымен қатар оронимдерге адам есімдері (антропоним), халық, тайпа атаулары (этноним), өсімдік атаулары (фитонимдер), жануар атаулары (зоонимдер) негіз болғаны жоғарыда тілдік деректермен дәлелденеді.

Жалпытүркілік топонимдер географиялық атаулардың құнды көзі болып табылады, сонымен қатар олар ұлттық мәдениеттің, ұлттық сананың ерекшеліктерін қамтиды. Олардың пайда болуы, өзгеруі мен жойылуы тарихи процестің белгілі бір құбылыстарының дамуы және өзгеруімен байланысты.

«Қия, қыр» географиялық термині. Түркиядағы биік таулардың бірі – Қызылқая, Аладаглар ұлттық саябағында, Нигде, Кайсери және Адана провинцияларының арасында орналасқан. Қарақия – Қазақстандағы Бала Қосмұрын жотасының солтүстік-шығысындағы шоқылы тау. Башқұртстанда Кыятау – кыя «скала, скалистая», тау «гора», Кырака – кырака «хребет, горный кряж», Кыратау – кыра «хребет», тау «гора» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тіл.: jartas, ɧɨ, kuz, түрік тіл.: кауа, башқұрт тіл.: кауа (Sözlüg, 1991: 456). Якут тілінде хайа «гора, горы, цепь или хребет гор; высокая гора, утес, скала, каменные горы» (Пекарский, 2010), «значительная возвышенность, поднимающаяся над окружающей местностью, гора» (БТСЯЯ, 2004:186).

Топонимика – бұл аймақтың тарихын, оның географиялық ерекшеліктерін, этнографиясын, фольклорын, халықтық дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын білуге мүмкіндік беретін қызықты ғылым. Өздеріңіз білетіндей, лексиканың архаикалық қабаты әртүрлі этникалық топтар арасында туыстық бастауларды орнатуда ең маңызды ақпарат болып саналады.

Түркі топонимиясы күрделі, гетерогенді және көптеген қабаттардан тұрады. Біз қарастырған республикаларда көптеген топонимдер мен микротопонимдер бар. Географиялық атаулар олардың шығу тегі мен семантикалық мағынасы әр тілде әртүрлі бағытта зерттелген. Қазақстан мен Башқұртстан топонимикасының негізгі қабаты жалпытүркілік қабат болса, Якутия жер атауларының көп бөлігі моңғол сөздерінен шыққан.

Түркі тілдеріндегі оронимдер этимологиясы жағынан ғана емес, құрамы мен құрылымы жағынан да күрделі болып табылады. Сонымен, қазақ, башқұрт, якут және түрік тілдеріндегі оронимдерді құрамы, құрылымы және семантикалық тұрғыдан салыстыра отырып, төрт тілдегі (қазақ, башқұрт, якут, түрік тілдері) оронимдердің ұқсастықтарын байқадық. Мұндай ұқсастықтардың болуы қазақ, башқұрт, якут және түрік тілдерінің түбі бір туыстас тілдер екендігін дәлелдей түседі.

Топонимикада жер бетінің әртүрлі ерекшеліктерімен байланысты көптеген терминдер көрініс тапқан. Алатау («түрлі таулар») және Қаратау («қара таулар») түркі топонимдері қызықты – Азияның көптеген жоталарының (Іле, Жоңғар, Кузнецк Алатауы, Тянь-Шаньдағы, түбектегі Қаратау жоталары, Маңғышлақ Қазақстан және т.б.) бұл атаулардың тікелей түсті белгісі жоқ. Тек Алатау термині беткейлерінде орналасқан тауларды білдіреді қардың ақ дақтары, тас шөгінділерінің қара дақтары және альпілік шалғындар кезектесіп отырды. Ал Қаратау – қар жамылғысының толық болмауымен шөлді, шөлейт және дала өсімдіктері бар аласа тау жоталары.

Бұл мақалада башқұрт, қазақ, якут, түрік тілдеріндегі жер атауларының, сондай-ақ оронимдердің қалыптасуына қатысатын жалпытүркі тектес географиялық терминология қарастырылды. Мақсатқа жету үшін таңдалған оронимдерге лексикалық-семантикалық, құрылымдық және этимологиялық талдау жасалынды.

Топонимика өлке тарихының, тілінің және географиясының көптеген құпияларын анықтауға көмектеседі. Топонимика шынымен энциклопедиялық сипаттағы ақпаратты бере алады: өлкенің табиғаты, оның сулары, өсімдіктері, жануарлар әлемі, пайдалы қазбалар және тарих. Кез-келген аймақтың топонимикасында белгілі бір халықтардың қоныстану және аумақты игеру тарихымен байланысты бірнеше қабаттар бар. Біздің қарастырған елдердің барлық халықтары өз өлкелері тарихында із қалдырды және өз атауларын түркі топонимикасына енгізді.

Кесте 1. Қазақ, түрік, башқұрт, якут тілдеріндегі топонимдердің салыстырмалы кестесі

Тілдер түрі	Қазақ тілі	Түрік тілі	Башқұрт тілі	Якут тілі
Жиі кездесетін түбірлер	-тау -тас -көл -өзен	-dağ (тау) -göl (көл), -saray (аңғар) -tere (төбе) -kaуа (жартас)	-тау (тау), -күл (көл), -йыл (өзен)	-хайа (тау), -кюёл (көл), -оом (өзен), -таас (тас)
Түстерге байланысты атаулар	Қаратау, Ақтау, Қызылсеңгір,	Karadağ (Қаратау), Aktere (Ақ төбе), Sarıkaуа (Сары жартас)	Күкһеңер (көк жота)	Кысыл-Сыр (қызыл төбе)
Зоотопонимдер	Қасқыржол жотасы, Елікті, Ботамойнақ тау, т.б.	Kurttere (Қасқыр-төбе), Geyikli (Киікті)	Илектәу (жабайы ешкі), Болантором («бұғылар тұрағы»)	Чубулах (арқар), Куба Арыыта (аққу аралы), т.б.

Қорытынды

Табиғи ландшафттар, олардың құрамдас бөліктері табиғи құбылыстар мен процестерді ғасырлар бойы бақылау нәтижесінде географиялық атауларда жергілікті халық тарапынан дәл егжей-тегжейлі сипатталған. Жер бедері атаулары өзгерістің әртүрлі кезеңдерін бастан кешірді. Олардың кейбіреулері бастапқы

нұсқада сақталған, бірақ олардың көпшілігі ұзақ ғасырлық пайдалану процесінде өзгерген. Жер-су атауының тарихи өзгеруінің себептері әртүрлі болуы мүмкін. Табиғи құбылыстарды бейнелейтін топонимдердің қабаты жер бетінде кең таралған. Осы санаттағы географиялық атаулардың ішінде рельефті көрсететін топонимдер маңызды. Түркі топонимикасында ортақ оронимикалық атаулар көп кездеседі.

Оронимдік топонимдер жер атауларының бұл тобы жер бедерінің ерекшеліктерін көрсетеді. Рельефтің ерекшелігімен көптеген белгілі тау жоталары, массивтер мен шыңдар

түркі халықтарының тілінде түркі атаулары даш – «тас», даг – «тау», дере – «шатқал», ял – «тау жотасы» және т. б. сияқты жер бедерінің терминдерін сақтап қалған.

Түркі тілдеріндегі сын есіммен келген географиялық атаулар саны жағынан мол. Әсіресе ақ және қара сөздерімен жасалған топонимдік атаулар тікелей мағынасында жұмсалмауы да мүмкін.

Жер байлықтарына қатысты орографиялық терминдер Д.И. Менделеевтің кестесіндегі химиялық элементтерге В (бор), Cr (хром), Cu (мыс), Fe (темір) қатысты қойылған болып шығады. Яғни, бор, хром, мыс, темір кен орындары тура мағынасында қолданылған. Фитооронимдер, зоотопонимдер, ауа-райы-климаттық оронимдер, діни және культтік топонимдер атауларындағы ұқсастық та түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігінің, тарихының, мәдениетінің, салт-дәстүрінің бір-бірімен тамырлас екенін көрсетеді. Қазақ, башқұрт, түрік тілдеріндегі географиялық терминдер форма жағынан да, мағыналық жағынан да ерекшеленбейді.

Жергілікті географиялық терминдер белгілі бір аймақтың топонимикалық жүйесін қалыптастыруда үлкен рөл атқарады. Географиялық терминологияда архаикалық лексика сақталған, оның тамыры ғасырлар бойы қалыптасқан және түркі халықтары арасындағы ежелгі байланыстар болғанын растайды. Оларды анықтау, жүйелі сипаттау және жан-жақты талдау көптеген өзекті лингвистикалық мәселелерді шешуге ғана емес, сонымен қатар тарих мәселелерін, халықтардың этникалық байланыстарын қарастыруда маңызды рөл атқарады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Қараман А.Қ. – ғылыми мақаланы теориялық және практикалық материалдар негізінде әзірледі, отандық және шетелдік әдебиеттермен жұмыс жасады, техникалық талаптар негізінде рәсімдеді;

Сапашев О.С. – ғылыми мақаланың тақырыбы мен мақсат-міндеттерін айқындады, шетелдік деректерді толықтырды, ғылыми мақаланы жүйеледі;

Тәшімбаев С.Қ. – ғылыми мақаланың практикалық материалдары негізінде салыстырмалы талдау жүргізді, әдебиеттермен жұмыс жасады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Жеріңнің аты – Еліңнің хаты» энциклопедиялық анықтамалық (2006). Алматы: «Аруна» Ltd ЖШС, б. 808.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия (1998). Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы».
3. Атамекен: Географиялық энциклопедия (2011). Бас ред. Б.Ө. Жақып. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», б. 648.
4. Багдарыын, С. (2004) Топонимика Якутии: краткий научно-популярный очерк. Якутск: Бичик, с. 192.
5. Башкирско-русский словарь (около 22000 слов) (1958). Государственное издательство иностранных и национальных словарей. Москва, с. 800.
6. БТСЯЯ (2004, 2005, 2009, 2011) Большой толковый словарь якутского языка. В 15 т. Под ред. П.А. Слепцова. Т.1. Новосибирск: Наука, с. 680 (Буква А), Т. 2, Новосибирск: Наука, с. 912, (Буква Б), Т. 6: (Буквы Л, М, Н), Новосибирск: Наука, с. 519, Т. 8: (Буква С), Новосибирск: Наука, с. 572.
7. Иванов, Н.М. (2001) Монголизмы в топонимах якутского языка. Якутск, с. 204.
8. Камалов, А.А. (1994) Башкирская топонимия. Уфа: Китап, с. 304.
9. Қазақстан табиғаты: Энциклопедия (2011). Бас ред. Б.Ө.Жақып. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС, Т.3. б. 304.

10. Карабаев, М.И. (2015) Башкорт ономастикасы. Өфө: БДУ, б. 164.
11. Мурзаев, Э.М. (1996) Тюркские географические названия. М.: «Восточная литература» РАН, с. 254.
12. Пекарский, Э.К. (1959) Словарь якутского языка. Л.: Изд-во АН СССР, Т.1., с. 1200; Т.2., с. 2010; Т.3., с. 3858.
13. Севортян, Э.В. (1974) Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные. М.: Наука, с. 768.
14. Топонимика Казахстана. (2010) Энциклопедический справочник. Алматы: «Аруана».
15. Түнжер, Г. (2011) Түрік тілінің этимологиялық сөздігі. Анкара, 2, б. 1204.
16. Якутско-русский словарь (около 25300 слов) (1972). Москва: «Советская энциклопедия», с. 605.
17. Karşılaştırmalı türk lehçeleri sözlüğü (1991). Ankara: Kültür Bakanlığı, s.1183.
18. Nesrin, Bayraktar. (2013) Türkçede renk adlarıyla özel ad yapımı. Journal of Language and Linguistic Studies, 9 (2), s. 95-114.

А.К. Караман¹, О.С. Сапашев², С.К. Ташимбай³

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

³Международная образовательная корпорация, Алматы, Казахстан

(E-mail: Karaman.aruzhan@mail.ru, sapashevo@gmail.com, saltanat7575@mail.ru)

Общее видение особенностей наименований ландшафта в топонимике тюркских языков: на основе оронимов в якутском, башкуртском, турецком и казахском языках

Аннотация. На нашей планете в разные эпохи происходили исторические события, которые повлияли на появление географических названий, относящихся к тюркским языкам. В настоящее время топонимы пополняются новыми наименованиями. Топонимы - индикатор развития общества и человечества в целом. Безусловно, необходимо изучать топонимы, чтобы понимать как они возникают, развиваются, изменяются, что способствует этому процессу и что они обозначают.

Ландшафтный словарь включает слова: земля, река, гора, плато, озеро, холм, хребет, скала, лес, роща, песок. Оронимы относятся к группе топонимов, включающих названия форм рельефа. В эту группу входят названия гор, вершин, равнин, впадин, пещер, оврагов и других геоморфологических объектов.

Тюркские топонимы являются важным источником данных для лингвистического анализа и отражают особенности развития языка, материальной и духовной культуры тюркских народов, населявших те или иные территории.

Актуальность изучения топонимической системы заключается в том, что она позволяет определить эволюцию языковых явлений и выявить особенности материальной и духовной культуры народа, характерные для определенного периода его развития.

Топонимика содержит бесценную информацию по истории языка, диалектологии, исторической географии и этнографии.

Статья отражает топонимы турецкого, казахского, башкирского и якутского языков, относящиеся к тюркским языкам, свидетельствуют об общих исторических, этнических и географических связях. Топонимы на этих четырех языках - это не только географические названия, но и зеркало исторической памяти и духовного наследия каждого народа. Общие элементы слова и семантическое сходство тюркских народов доказывают их историческое родство.

Ключевые слова: тюркские языки, ландшафтная лексика, топонимы, оронимы, семантика, тематическая группа, лексикографический анализ, сравнительно-исторический анализ, лексико-семантические особенности.

**A General Overview of Landscape Naming Features in Turkic Toponymy:
Based on Oronyms in Yakut, Bashkort, Turkish, and Kazakh Languages**

Abstract. Historical events took place on our planet in different epochs, which influenced the appearance of geographical names related to the Turkic languages. In modern civilization, toponyms are being updated with new names. Toponyms are an indispensable element of the development of society and humanity as a whole. Of course, it is necessary to study toponyms in order to understand how they arise, develop, change, what contributes to this process and what they mean. The landscape dictionary contains the words: land, river, mountain, plateau, lake, hill, ridge, rock, forest, grove, and sand. Oronyms belong to a group of toponyms that include names of landforms. This group covers the names of mountains, peaks, plains, depressions, caves, ravines, and other geomorphological features. Turkic toponyms are an important data source for linguistic analysis and reflect the peculiarities of the development of the language, material and spiritual culture of Turkic peoples who inhabited certain areas. The relevance of studying the toponymic system is that it allows determine the evolution of linguistic phenomena and identify the features of the material and spiritual culture of the people, typical for a certain period of its development. Toponymy contains invaluable information on the history of language, dialectology, historical geography and ethnography.

The article proves that the toponyms in Turkish, Kazakh, Bashkir and Yakut, which belong to the Turkic languages, testify to common historical, ethnic and geographical ties. Toponyms in these languages are not only geographical names, but also a mirror of the historical memory and spiritual heritage of each people. The common word elements and semantic similarities of the Turkic people indicate their ancient kinship.

Keywords: Turkic languages, landscape vocabulary, toponyms, oronyms, semantic, lexicographic analysis, comparative historical analysis, lexico-semantic peculiarities.

References

1. «Zherinnin aty – Elinnin haty» jenciklopedijalyk anyktamalyk (2006). Almaty: «Aruna» Ltd ZhShS, b. 808. [in Kazakh]
2. «Kazakstan»: Ul'tytk jenciklopedija (1998). Bas redaktor A. Nysanbaev. Almaty: «Kazak jenciklopedijasy». [in Kazakh]
3. Atameken: Geografijalyk jenciklopedija (2011). Bas red. B.O. Zhakyp. Almaty: «Kazak jenciklopedijasy», b. 648. [in Kazakh]
4. Bagdaryyn, S. (2004) Toponimika Jakutii: kratkij nauchno-populjarnyj ocherk. Jakutsk: Bichik, s. 192.
5. Bashkirsko-russkij slovar' (okolo 22000 slov) (1958). Gosudarstvennoe izdatel'stvo inostrannyh i nacional'nyh slovarej. Moskva, s. 800. [in Russian]
6. BTSJaJa (2004, 2005, 2009, 2011) Bol'shoj tolkovyj slovar' jakutskogo jazyka. V 15 t. Pod red. P.A. Slepčova. T.1. Novosibirsk: Nauka, s. 680 (Bukva A), T. 2, Novosibirsk: Nauka, s. 912, (Bukva B), T. 6: (Bukvy L, M, N), Novosibirsk: Nauka, s. 519, T. 8: (Bukva C), Novosibirsk: Nauka, s. 572. [in Russian]
7. Ivanov, N.M. (2001) Mongolizmy v toponimah jakutskogo jazyka. Jakutsk, s. 204. [in Russian]
8. Kamalov, A.A. (1994) Bashkirskaia toponimija. Ufa: Kitap, s. 304. [in Russian]
9. Kazakstan tabigaty: Jenciklopedija (2011). Bas red. B.O.Zhakyp. Almaty: «Kazak jenciklopedijasy» ZhShS, T.Z. b. 304. [in Kazakh]
10. Karabaev, M.I. (2015) Bashkort onomastikasy. Ofo: BDU, b. 164. [in Bashkir]
11. Murzaev, Je.M. (1996) Tjurkskie geograficheskie nazvanija. M.: «Vostochnaja literatura» RAN, s. 254. [in Russian]
12. Pekarskij, Je.K. (1959) Slovar' jakutskogo jazyka. L.: Izd-vo AN SSSR, T.1., s. 1200; T.2., s. 2010; T.3., s. 3858. [in Russian]

-
13. Sevortjan, Je.V. (1974) Jetimologicheskij slovar' tjurkskih jazykov: Obshhetjurkskie i mezhtjurkskie osnovy na glasnye. M.: Nauka, s. 768. [in Russian]
 14. Toponimika Kazahstana. (2010) Jenciklopedicheskij spravochnik. Almaty: «Aruana». [in Russian]
 15. Tunzher, G. (2011) Turik tilinin jetimologijalyk sozdigi. Ankara, 2, b. 1204. [in Kazakh]
 16. Jakutsko-russkij slovar' (okolo 25300 slov) (1972). Moskva: «Sovetskaja jenciklopedija», s. 605. [in Russian]
 17. Karşılaştırmalı türk lehçeleri sözlüğü (1991). Ankara: Kültür Bakanlığı, s.1183. [in Turkish]
 18. Nesrin, Bayraktar. (2013) Türkçede renk adlarıyla özel ad yapımı. Journal of Language and Linguistic Studies, 9 (2), s. 95-114. [in Turkish]

Авторлар туралы мәлімет:

Қараман А.Қ. – PhD докторант, Филология факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сапашев О.С. – PhD, Филология факультеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Тәшімбай С.К. – филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы, Қазақстан.

Караман А.К. – PhD докторант, Филологический факультет, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Сапашев О.С. – PhD, Филологический факультет, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Ташимбай С.К. – кандидат филологических наук, Международная образовательная корпорация, Алматы, Казахстан.

Karaman A.K. – PhD student, Faculty of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Sapashev O.S. – PhD, Faculty of Philology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Tashimbay S.K. – Candidate of Philological Sciences, International Educational Corporation, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).